

**Тақырыбы:** «Бейбіт күн жасасын әлемде!»

**1- Жүргізуші :** Құрметті жиналған қауым, асқар таудай әкелер, арқа сүйер аталар және біздің кішкентай ұландар! Сіздерді келе жатқан Ұлы жеңістің 78 жылдық мерекесімен және Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Баршаңызға мықты денсаулық, ұзақ өмір, отбастарыңызға бақыт, бірлік, береке тілейміз.

**2- Жүргізуші:** Жеңіс күні, Жеңіс күні  
Асқақтата шырқалсын.  
Ардагерлер қалауы  
Мәңгі өшпесін алауы  
Желбіресін жеңімпаздар жалауы - дей отырып салтанатты жиынымызды Қазақстан Республикасының Гимнімен бастайық.

**Қазақстан Республикасының Гимні орындау.**

**Әбуғали:** Әлия, Мәншүк апамыз,

Бауыржандай атамыз.

Фашистерден Отанды

Қорғап батыр атанды

**Ұлжан:** Әлияны бұл күнде

Барлық бала біледі

Әлия аты –көңілде,

Әпкеміз деп жүреді

**1-жүргізуші :** Біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Әрбір көктем бізді ойша сонау ұмытылмас, әрі көптен күткен 1945 жылдың 9 мамырына қайта оралтады.

Дәл осынау жадыраңқы жай күні,

Болса дағы қай ғасырда, қай күні.

Ұлы Отаным басын иіп бір минут,

Есіне алмақ сол бір апат қайғыны.

Біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін жанын қиған, ерлікпен қаза тапқан ата-әжелеріміздің есімін еш уақытта ұмытпаймыз және сол боздақтарды бір минуттық үнсіздікпен еске алайық.

**Бір минуттық үнсіздік**

**2-жүргізуші :** Күндіз күлкі, түнде ұйқымыз тыныш болсын деген тілекпен ел қорғайтын «Ұландар күніне» арналған шағын мерекелік бағдарламасын қабыл алыңыздар!

**Ән: «Тәуелсіз – елдің ұланы» 5-6- сынып**

1- **Жүргізуші :** Бүгінгі мерекенің иегерлерін ортаға шақырып, қошемет көрсетейік. **Бастауыш сынып ұлдарын қарсы алыңыздар:** Ернар, Әбуғали, Әліби, Дамир, Нұркелді, Бекнұр, Ерсұлтан.

**Орта буын жігіттерін қарсы алыңыздар:** Әлмұхаммед, Ислам, Нұрәділ, Арман, Нұрсұлтан, Санжар, Нұрболат, Қазбек, Ерасыл, Бекзат, Ескендір.

2- **Жүргізуші:** Балалар, елін, жерін сүйетін, қорғайтын азамат болып шығу үшін қандай бала болуымыз керек? (білімді, өнерлі, ақылды, еңбекқор, әдепті)

- Дұрыс-ақ, ендеше сабағымызды жақсы оқып, елімізді қорғайтын, адал, еңбекқор азаматы болайық. Ер жетіп еліміздің одан әрі көркеюіне, гүлденуіне өз үлесімізді қосайық.

Оқушылар шығып ортаға, келесі әріптерді көтереді .

Қ – қазаққа қызмет етемін

А – арманына жетемін

З – заңды жақсы білемін

А – алға қарай жүремін

Қ - қайырымды елімнің

С – салтанатты жерімнің

Т – толықтырам сенімін

А – абыройын, жігерін

Н –намысын қолдан бермеймін

**Бәрі:** Мен боламын патриот,

Болашағы елімнің

1- **Жүргізуші :** Сіздерге – нағыз жігіттер

Үлкен күш біз тілейміз

Осы күшпен бәріңде

Тыныштықты қорғандар!

2 - **Жүргізуші :**Шағын орталық пен даярлық тобының қыздарының биін қабыл алыңыздар.

**«Сарбаздар» биі**

1-жүргізуші : Бойға қуат береді,

Әй, жарайсың дегені.

Мен әкемнен әр кезде,  
Соны естігім келеді

**2- Жүргізуші:** Нағыз әке ақылгөй де асқар жан

Барлық ұрпақ әкелерден басталған

Ал әкелер өздеріне арналған

Бүгінгі той қуаныш пен мереке –дей келе әкелерді құттықтауға

қыздарды ортаға шақырамыз.

**Айару, Айсезім, Айкөркем, Айзере, Кәусар.**

1-сынып оқушыларының орындауында «Біз Отанның ұланымыз»

**1- Жүргізуші :** Мың бұралып билеген

Аруды кім сүймеген

Күміс көмей аруларға

Кімдер басын имеген-дей отырып келесі кезекте

**Қазақ биі:** 3-4 сынып қыздары қыстай жылу беріп, ауланың тазалығын

сақтаған от жағушы, мектепті күзететін қызметкерлерге арнайды.

**2- Жүргізуші:**

Кешіміз өтіп жатыр салтанатты,

Төгілген күн нұрының шапағаты.

Ортада жас бишілер би билейді,

Халайық қол соғыңыз мархабатты-дей отыра мектебіміздің ер мұғалімдеріне

арнап би, алдарыңызда «Синий платочек» биімен 7-8 сынып қыздары.

**Бастауыш сынып оқушыларының орындауында:**

**«Жас дәуірдің түлегіміз» хор**



Үландар мерекеси

Т

К

Р

У